

Каспий өңірі «Болашақ» колледжі

Бекітемін:

Колледж директоры

Каламқалиева А.М.

«20» 2020 ж.



Карантиндік шектеулер кезінде Каспий өңірі «Болашақ» колледжінде қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Ережесі

Осы Ереже 27 шілде 2007 жылғы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 604 бұйрығына, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына, «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына, «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 01.04.2020 жылғы №123 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің шығ.5-13-2/1837-И 19.05.2020 жылғы Карантиндік шектеулер кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жасақталды және 2019-2020 оқу жылында білім алушылардың қорытынды аттестаттауды өткізуді анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Колледждің білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыру немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғау нысанында өткізіледі.

2. Дипломдық жобаны орта буын маманын дайындайтын техникалық мамандықтары бойынша оқитын студенттер орындайды және технологиялар мен техникалық құрылғылардың сипаттамасын немесе есебін болжайды.

3. Қорытынды аттестаттау Google Meet сервисі арқылы алдын ала жасалған кесте бойынша өткізіледі.

Онлайн режимінде емтихан өткізу/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау үшін колледжде аттестаттау комиссиясы құрылады, оның құрамы қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей колледж басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Комиссия анықтайды:

1) колледждің білім беру бағдарламаларында белгіленген білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейінің сәйкестігін;

2) білім алушылардың өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша нақты білім, іскерлік деңгейін және практикалық дағдыларын, кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

5. Комиссия отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспауы қажет.

6. Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі.

7. Комиссияға мынадай материалдар мен құжаттар ұсынылады:

1) мамандық бойынша оқу жұмыс жоспары;

2) колледж басшысының білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрығы;

3) білім алушылардың қорытынды бағаларының жиынтық ведомосы;

4) оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтиханға енгізілген емтихан билеттерінің жиынтығы мен сұрақтар тізбесі;

5) күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімін жылжытуға құқығын растайтын құжаттар;

6) сырттай оқыту нысаны бойынша білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімін жылжытуға құқығын растайтын құжаттар немесе жұмыс орнынан анықтама;

8. Колледждің білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыру немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғау нысанында өткізіледі.

Қорытынды емтихан келесі нысандарда: ауызша, жазбаша, бірнеше пән және (немесе) кәсіптік модульдерді қамтитын кешенді емтихан (немесе кешенді тестілеу) нысанында өткізіледі.

9. Диплом жобасын (жұмысын) қорғау қорытынды аттестаттау өткізу жөніндегі комиссияның ашық отырысында кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен өткізіледі. Бір диплом жобасын (жұмысын) қорғау ұзақтығы бір білім алушыға 30 (отыз) минуттан аспауы тиіс. Диплом жобасын қорғау үшін білім алушы ұзақтығы 10 (он) минуттан аспайтын баяндама жасайды. Диплом жобасын (жұмысын) қорғаудың нәтижесі өткізілген күні жарияланады.

Ауызша қорытынды емтиханның ұзақтығы бір білім алушыға 15 (он бес) минуттан аспауы тиіс.

10. Диплом жобасын қорғау немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларға қорытынды аттестаттау комиссиясы қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға рұқсат беру туралы шешім шығарады және оның мерзімін белгілейді. Қорытынды емтиханды қайта тапсыру "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған пән және (немесе) модуль бойынша ғана жүргізіледі.

Комиссия білім алушыға комиссия белгілеген бұрынғы жұмысын қайта қорғауға немесе жаңа тақырып әзірлеуді ұсынады.

11. Диплом жобасын қайта қорғаудан немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушыға мамандығы (кәсібі) бойынша оқу курсы толтық аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

12. Тиісті құжаттармен дәлелденген, себепті жағдайлармен дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға және қорытынды емтиханды тапсыруға келмеген білім алушылар белгіленген мерзімде колледж басшысының бұйрығы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберіледі.

13. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

14. Емтиханды оқу жоспарындағы барлық пәндердің және (немесе) модульдердің кемінде 75 пайызын "өте жақсы" деген бағамен, ал қалған пәндерді бойынша – "жақсы" деген бағамен тапсырған және дипломдық жобаны (жұмысты) "өте жақсы" деген бағамен қорғаған білім алушыға үздік диплом беріледі.

15. Біліктілік деңгейін көрсете отырып диплом беру туралы шешім пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар және (немесе) дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау нәтижелері негізінде қабылданады.

16. Комиссияның төрағасы екі апталық мерзімде аттестаттау аяқталысымен аттестаттау қорытындысы туралы есеп дайындайды.

17. Комиссия төрағасының есебінде: білім алушылардың аталған мамандық (кәсіп) бойынша даярлық деңгейі; білім алушылардың емтиханда анықталған біліміне сипаттама; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген сұрақтары бойынша білім алушылардың даярлығында кездесетін кемшіліктер; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптері (мамандықтары) бойынша білікті кадрлар даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

18. Комиссия төрағасы педагогикалық кеңеске комиссия жұмысының қорытындылары туралы баяндайды.

2. Өткізу тәртібі

19. Қорытынды аттестаттауды өткізу білім алушыны міндетті түрде идентификациялаумен және қорытынды аттестаттау комиссиясының емтиханды өткізу/дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау рәсімдері мен тәртібінің сақталуын тұрақты бақылауымен жүзеге асырылады.

20. Емтихан/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғауды өткізу тәртібімен білім алушыларды таныстыруды ТЖКБ ұйымы кемінде 20 жұмыс күн мерзімде танысуды растаумен электрондық пошта арқылы жүзеге асырады.

21. Оқу процесінің кестесіне сәйкес колледждің <http://college.bolashak.org> сайтында онлайн-консультациялардың кестесі, дипломдық жобаны (жұмысты) алдын ала қорғау және қорғау, емтиханды өткізу/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау тәртібі, дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға білім алушыларды жіберу туралы бұйрық және дипломдық жобалардың (жұмыстардың) бекітілген тақырыптары орналастырылады.

22. Директордың оқу-ғылыми жұмыс және ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасарлары емтихан өткізу/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау басталғанға дейін 3-5 жұмыс күні бұрын вебинар өткізеді, оның барысында емтиханнан өту/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау процедурасы толық түсіндіріледі, әр қадам пысықталады.

23. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға білім алушы өз жұмысын «экранда демонстрациялау» режимінде электронды түрде дайындайды.

Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау жобаның тақырыбын, жалпы сипаттамаларын және тағы басқаларды көрсететін презентация түрінде өтеді. Ауызша баяндама және қосымша сұрақтарға жауап беруді қоса алғанда, бір білім алушының қорғауына кететін жалпы уақыт 15 минуттан аспайды.

24. Емтихан өткізу/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау рәсімі барысының бейне жазбасы жүргізіледі.

25. Білім алушы емтихан өткізу/дипломдық жобаларды қорғау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті:

- жарықтандырудың жеткілікті деңгейі;

- төмен деңгейдегі шу;

- білім алушы емтихан өткізу/дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау алдында веб-камерада жеке куәлікті көрсетеді.

- бейне және аудиосигнал кедергілерінің болмауы.

26. Білім алушы міндетті:

- прокторинг жүйесіне кіру деректемелерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

- емтихан өткізу кезінде веб-камерамен көріну аймағын тастап кетпеуге;

- емтихан кезінде бейнені шығарудың бір ғана құралын (монитор, ТВ, проектор), бір пернетақтаны, бір манипулятор (компьютерлік тышқан, трекпойнт және т.б.) пайдалануға.

27. Білім алушының тестілеу кезінде үшінші тұлғалармен сөйлесуге, анықтамалық материалдарды (кітаптар, шпаргалкалар, қағаз және электронды түрдегі жазбалар), кез келген гаджеттерді (ұялы телефондар, калькуляторлар, планшеттер), қосымша мониторлар мен компьютерлік техниканы пайдалануға, тестілеу үшін тікелей қолданылатыннан басқа браузер қойындыларын (Яндекс, Google және т. б.) ашуға құқығы жоқ;

28. Білім алушының тестілеу кезінде үшінші тұлғалардың көмегін тартуға құқығы жоқ.

29. Білім алушының тестілеу кезінде бөгде тұлғаларға компьютерге кіру мүмкіндігін беруге құқығы жоқ.

30. Колледж ережелеріне сәйкес академиялық нормаларды бұзған Білім алушының емтихан нәтижесі (көшіру, кеңестерді пайдалану, деректерді фабрикациялау және т.б.), жойылады.

31. Билеттер «кездейсоқ сандар генераторы» бағдарламасында беріледі. Техникалық хатшы «экранда демонстрациялау» режимінде *білім алушыға* билет нөмірін көрсетеді.

32. Білім алушы 15 минут ішінде жауапқа дайындалады.

Жауапты дайындауды аяқтағаннан кейін білім алушы жауап парағын көрсетеді, ал хатшы экранның скриншотын жасап, жауаптарды сақтайды. Білім алушы сұрақтарға жауап береді (бейнежазба жасалады).

33. Қорытынды емтиханды тестілеу түрінде өткізген жағдайда, оның нәтижелері олар өңделгеннен кейін өткізілген күні жарияланады.

Бағаларды қою, даулы сұрақтарды шешу колледждің қалауы бойынша дербес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттау қорытындысы колледждің <http://college.bolashak.org> сайтында орналастырылады.

34. Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімдерін рәсімдеген кезде хаттамаларда қорытынды аттестаттаудың ҚБТ арқылы өткізілгендігі көрсетілуі тиіс.

35. Ерекше жағдайларда, егер білім алушылардың әрекеттеріне тәуелді емес басқа жағдайлар туындаса, оның ішінде шалғай елді мекендерде интернет-ресурстар мен байланыс құралдарына қол жетімділік болмаған жағдайда, колледж қорытынды аттестаттау нәтижесін анықтау бойынша өздігінен шешім қабылдайды. Бұл ретте қорытынды емтиханда пән немесе модуль бойынша ағымдық және аралық аттестаттау нәтижелері бойынша, дипломдық жобаға (жұмысқа) алдын ала ұсынылған жоба (жұмыс) мазмұнының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындысы бойынша қорытынды бағаны қоюға болады.

36. Шектеулік шараларды алған жағдайда, азаматтардың денсаулығы үшін толық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, кейбір колледждерде қорытынды аттестаттауды «аз топ» немесе «бір студент» режимінде өткізу мүмкін.